

Р.С.Каренов

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: rkarenov@inbox.ru)*

Ыбырай Алтынсарин — азатшыл Алаш мұраттарына ұласқан ұстанымдардың негізін салушы ұлт тұлғасының бірі

Туғанына 175 жыл толуына орай

Мақалада XIX ғасырдың көрнекті ғалымы Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен қызметі суреттелген. Оның ірі педагог, фольклорист, этнограф, әдебиеттанушы, ағартушы ретіндегі шығармашылығына сипаттама берілген. Алтынсариннің тұңғыш рет қазақ даласында жергілікті тұрғын халықтың балалары үшін бастауыш мектеп құрудағы тарихи рөлі көрсетілген. 1860–1879 жылдары ол педагогикалық қызметпен қатар, сан қырлы жұмыстар жүргізгендігі, атап айтқанда: Торғай уездік басқармасында іс жүргізуші, Торғай уездік судья, Торғай уезі басшысының аға көмекшісі, Торғай облысы Халық училищелерінің инспекторы болғандығы айтылған. Ұлы ағартушының Илецк, Николаев, Торғай, Ырғыз уездерінде орыс-қазақ мектептерін, Орскіде мұғалімдер мектебін, Торғайда Кәсіпшілік училищесін, Ырғызда Қазақ қыздары үшін мектеп-интернатты ашу жолында арылмай-талмай қажырлы еңбек атқарғандығы көрсетілген. Оның «Қырғыз хрестоматиясы» және «Қырғыздарды (қазақтарды) орыс тіліне оқытудың бастауыш нұсқауы» атты алғашқы оқулықтары демократиялық және гуманитарлық рухқа толы екендігі туралы қорытынды жасалған.

Кілт сөздер: өмірдеректері, мектеп ашу, білім, зиялылар, оқулықтар, дінтану, мақалалар, хаттар, этнографиялық зерттеулер.

Кіріспе

Ыбырай Алтынсарин — қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, ақын, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері. Шын аты — Ибраһим. Орта жүздің Қыпшақ руынан шыққан. Ол 1841 жылы қазан айының 20-сында қазіргі Қостанай облысы Затобол ауданында дүниеге келген.

Әкесі Алтынсары оқымаған, өз еңбегімен тіршілік еткен қарапайым шаруа адамы болған. Шешесі Айман (кейбір деректерде Аймен) Арғын руының ішіндегі Шеген деген бидің қызы екен. Ол халық аузынан жинақталған ертегілер мен жырларды көп білетін сауатты адам болған. Ыбырайдың шешесі халық ертегілері мен жырларын ұлының құлағына жастайынан құйып тәрбиелеген.

Ыбырай 3–4 жасқа толғанда, әкесі Алтынсары қайтыс болып, атасы Балғожа бидің қолында қалады. Бүкіл балалық шағы сол атасының қолында өтеді. Ағартушының атасы Балғожа Жаңбыршыұлы өз заманындағы ірі феодалдардың бірі еді. Ол ұзақ уақыт Орынбордағы шекара комиссиясы қол астында Қыпшақ руына старшын болған, өз аймағының атақты кісілерінің бірі, ірі бай. Ел ішіндегі көп жағдайларда биліктің тізгінін ұстаған би Орынбор әкімшілігінің алдында да, орыс шенеуніктеріне де сыйлы, беделді, белгілі кісі болыпты. Немересін адалдыққа, тапқырлыққа, турашылдыққа, шешендікке баулыған, Балғожа оны өзімен бірге жиын-тойларға алып барып, билік айтқызып, қанатын қатайтқан [1].

Жасынан зерек Ыбырай да атасын жерге қаратпай алғырлық танытып, көпшіліктің үмітіне айналады. Атасы Балғожа төңірегіне ақын-жырауларды жинап, өзі де өлең жазған. Сондықтан да Ыбырай бала кезінен туған халқының мәдениеті мен әдебиетінен сусындаған.

Ыбырай Алтынсарыұлының маңызды өмірдеректері

1850 жылы дала өмірінде көп билікті өз қолында ұстаған Балғожа Ыбырайды Орынбор шекара комиссиясының жанынан ашылған мектепке береді. Бұдан бұлай ел билеу ісі орысша сауатты адамдардың қолына көшеді деп ұққан Балғожа би немересі арқылы кейін де сол ел билеу ісін қолынан шығармау ниетін көздеген. Жаңа ашылған мектепте 30 бала, олардың ішінде 9 жасар Ыбырайда болды.

Ол уақытта Ресей үкіметінің көздегені осындай мектептер арқылы жергілікті әкімшілік орындарға қазақтың өз ішінен қызметкерлер әзірлеу еді.

Мектеп оқушылары отаршылдық саясат рухында тәрбиеленуге тиісті болды. Бірақ жасынан зерек Ыбырай бұл мектептің оқу жүйесі шеңберінде қалмай, дүние жүзі әдебиеті мен орыс әдебиеті

классиктерінің шығармаларын өздігінен оқып нәр алды. Мектепті бітіргеннен кейін, 1857–1859 жылдар аралығында ол атасы Балғожа бидің хатшысы болды.

Кейін Орынбор облыстық басқармасына кіші тілмаштық қызметіне ауысады. 1860 жылы Орынбордан Торғайға ауысып, мұғалімдік қызметке орналасады. Өзінің тікелей күш салуымен 1864 жылы қазақ балаларына арналған тұңғыш мектеп ашады. Осыдан бастап оның ағартушылық және педагогикалық қызметі басталады.

1860–1879 жылдар арасында Ы.Алтынсарин мұғалімдік, ағартушылық қызметімен қатар, арагидік басқа да қызметтер атқарды: 1868–1874 жылдары Орынбор генерал-губернаторының арнайы тапсыруы бойынша төрт рет Торғайдың уездік судьясы; 1876–1879 жылдары Торғай уездік бастығының аға жәрдемшісі болды. Инспекторлық қызметке кіріскен кезден бастап Ыбырай зайырлық мектептер ашуды қолға алды [2].

Қазақ халқын мәдениетке үндеп, халық ағарту мәселесінде көп еңбек еткен тұңғыш ағартушы 1864 жылдан 1889 жылға дейін жиырма бес жылдық өмірін қазақ балаларына арнап, мектеп ашу, оларды оқыту, тәрбиелеу, оқулықтар, оқу құралдары және әдістемелік кітаптар жазу жұмысына арнайды. 1889 жылдың 17 шілдесінде, 48 жасында «Инспектор көлі» жағасында, өз үйінде ұзаққа созылған өкпе ауруынан қайтыс болады.

Қазақтың тұңғыш педагогы әрі ақын, әрі жазушы Ыбырай Алтынсарин ауырып, төсек тартып қалғанда орыс жолдастарының оны дәрігерге қарату ісін ұйымдастырулары; қайтыс болған күні ақырғы рет қоштасу үшін қаладан көптеген таныстары мен шәкірттерінің арнайы келуі; кейін Н.И.Ильминскийдің «Ыбырай Алтынсарин туралы есте қалғандардан» деген атпен Қазан баспасында арнаулы кітап бастырып шығаруы Алтынсариннің ел ішінде беделді, сыйлы болғандығын дәлелдейді.

Бір айта кететін жайт, Ы.Алтынсарин қайтыс болғанда қазақ салтымен оған жоқтау айтылған. Ол жоқтау 1976 жылы Мәскеу мұрағатындағы «Ильминский папкасы» деген бумадан табылды. Ондағы [3]:

*Дәріден себеп болмады,
Шын келген соң ажалы.
Күн де ауылда болушы ед,
Жәрмеңкенің базары.
Өтіп те кеткен дүние-ай,
Дүбірлесіп жиылып,
Аспанға шығып тозаңы!
Жетімсіреп қалды ғой
Төрт ояздың қазағы... —*

деген жолдармен жалғасатын ұзақ жоқтауды Ыбырайдың туыс-жұрағаттарының бірі жазған болуы керек деп көрсеткен. Ал зерттеушілер мұны Ыбекеңнің өзі қадірлеген, жанында жүрген және қайтқанда қасында болған қазақтың белгілі ақыны Нұржан Наушабаев екенін айтады.

Ыбырайдың бар өмірін жастарға білім беруге арнауы

Ы.Алтынсарин орыс тілімен қатар, араб, татар тілдерін жетік меңгеріп, көксеген бар арманы халыққа білім беру болды. Ол кезде қазақ балаларына арнап, мектеп ашу өте қиындыққа түсті. Соған қарамастан, Ыбырайдың тікелей атсалысуымен 1864 жылы қаңтар айында тұңғыш қазақ мектебі ашылды.

Сол замандағы қаражаттың жетіспеушілігі, мектеп үйі, құрал-аспаптардың жоқтығы да оны мұқалта алмады. Ол ауыл-ауылды аралап, халыққа білім беретін мектептердің артықшылығын түсіндірді. Өзінің насихатын халықтың жүрегіне жеткізе білген оған халық арасынан қолдау көрсетушілер табылды. Қаржы жинауды ең алдымен өзі бастап, атасы Балғожаның еншісіне берген малын сатып, түскен ақшаны мектеп салуға жұмсады. Оқу үйі жетіспеген кезде оқу-білім іздеген қазақ балаларын өз үйіне жатқызып оқытқан.

1864 жылы ол Н.И.Ильминскийге жолдаған хатында: «Осы жылы қаңтардың 8 күні менің көптен күткен ісім орнына келіп, мектеп ашылды, оған 14 қазақ баласы кірді: бәрі жақсы, есті балалар... Бұл балалар небәрі үш айдың ішінде орысша, татарша жаза білетін болды» [4], — деп жазды. Бұдан біз Ыбырайдың ұстаздық жолының сәтті басталғанын байқаймыз.

1879 жылы Ы.Алтынсарыұлы Торғай облысы мектептерінің инспекторы қызметіне тағайындалады. Бұл оның ағартушылық қызметінің кең өріс алуына жол ашады. Ол жаңа үлгідегі мектептер ашу ісімен шұғылданады. 1879–1883 жылдар аралығында Торғай облысының төрт уезінде

(Торғай, Ырғыз, Троицк, Ақтөбе) уездік жаңа мектептер ашады. 1883 жылы Торғай қаласында қолөнер мектебі ашылады. Бұл мектеп қазақ даласындағы техникалық білім беретін тұңғыш оқу орны болды.

Ыбырай қазақ даласында бірінші болып қыздарды білімге тартты. 1887 жылы Ырғызда қыздарға арналған мектеп-интернат ашты. Қыздар мектебін ұйымдастыруы — ұлы ағартушының бұл тұрғыда жасаған үлкен еңбегі.

Қазақ даласында мектептер санының артуына байланысты Ы.Алтынсарин мұғалімдер даярлайтын мектеп ашуды күн тәртібіне қояды. 1881 жылы Орск қаласында тұңғыш Мұғалімдер мектебі ашылады. Ыбырайдың инспекторлық және ағарту саласындағы қызметін аталған мектептерді ашу ісімен шектеуге болмайды. Ол сол мектептердегі тәлім-тәрбие, оқу жұмысының жанды ұйтқысы болды. Ыбырай туған халқын ерекше сүйді, оның болашағына зор сеніммен қарады. Сондықтан халық ағарту ісін айрықша шабытпен орындады.

Ағартушы қайтыс болғаннан кейін 1891 жылы Торғай қаласында, 1893 жылы Қостанайда, 1895 жылы Қарабұтақта және 1896 жылы Ақтөбеде Қыздар училищелерін ашуға рұқсат етілді. Бұл да Ы.Алтынсариннің ізденулерінің нәтижесі екендігі құжаттар бойынша дәлелденіп отыр [5; 12].

Кезінде Ы.Алтынсарыұлы салдырған Қостанай өңіріндегі мектептерде Алаштың ғұламалары А.Байтұрсынов пен М.Дулатов оқыған, «Алашорда» дүниеге келген.

Ыбырайдың өмірінде ерекше орын алған зиялылар

Жалпы, Ыбырай Алтынсариннің рухани өсуіне профессорлар В.В.Григорьев пен Н.И.Ильминскийдің ықпалы ерекше болған.

Ыбырай өзінің қалыптасу барысында шығыстанушы-ғалым В.В.Григорьевтің тікелей ықпалында болды. Атасы Балғожа биді жақсы білетін және сыйлайтын В.В.Григорьев Ыбырайға аса ілтипатпен қарап, өзінің бай кітапханасын пайдалануға мүмкіндік берген. Ыбырай оның кітапханасынан әдебиет, тарих, философия кітаптарын, дүниежүзі ағартушыларының еңбектерін, ұлы адамдардың өмірі туралы шығармаларды көп оқыған.

В.В.Григорьев — орыстың көрнекті Шығыс зерттеушісі, Ресей ҒА-ның корреспондент мүшесі. 1834 жылы Петербург университетінің Шығыс бөлімін бітіргеннен кейін Сыртқы істер министрлігінің жанындағы Шығыс тілдері институтында істеді. 1851 жылы Орынбор генерал-губернаторлығының қарамағына жұмысқа ауысып, Орынбор шекара комиссиясын (1854) және Орынбор облысын басқарды (1859–1863). Григорьев қазақ халқының тарихы, мәдениеті, этнографиясы, саяси өмірі, экономикасы, т.б. жөнінде көптеген еңбектер, мақалалар жазды. Олардың бір бөлігі «Россия және Азия» деген атпен 1876 жылы жеке бір жинақ болып шықты [6].

В.В.Григорьевтың жобасы бойынша 1861 жылы Троицкіде қазақ жастары үшін мектеп ашылды. Ол Ш.Уәлихановпен дос болды және Ы.Алтынсариннің ғалым жағынан қалыптасуына септігін тигізді.

Ағартушылық мұраттарын іске асыруында Ыбырайға Ильминский елеулі ықпал жасаған адам. Н.И.Ильминский (1822–1892) — орыс зерттеушісі, консервативтік бағыттағы педагог. 1858 жылдан Орынбор шекара комиссиясында қызмет істеді. Ол қазақ, татар, чуваш, мордва, т.б. аз ұлт халықтарының ағарту ісіне елеулі үлес қосты. Араб алфавиті орнына осы халықтардың орыс графикасына негізделген алфавитін ұсынды. Ы.Алтынсаринмен қызметтес болды. Ол туралы естелік жазды [7].

Патша үкіметі Еділ бойы, Орал, Сібір аймақтарындағы «бұратана» халықтарға (татар, чуваш, башқұрт, мордва, қазақ т.б.) оқу-ағарту ісін жүргізуде Ильминскийдің «педагогикалық жүйесін» қолданды. Ол ұсынған педагогикалық «қағидалар» бойынша мектепте оқудың білімдік мәнінен гөрі, діни-насихаттық жағы басым болды.

Жалпы, миссионер Н.И.Ильминский тәрізді ағартушылардың шын мәнінде қазақ жерінде мектеп ашу дегеніміз — бұл халықты негізінен орыстандыру және тіл жағынан, дін жағынан да орыстарға мүлдем қосып жіберу болып табылатынын ашық айтқаны белгілі. Ы.Алтынсарин мұндай ұстанымға, мұндай көзқарасқа мүлде қарсы болды. Ол қазақ ағартушыларының арасынан алғашқылардың бірі болып, шын мәнінде қазақ халқын орыс тәрізді, еуропа халықтары тәрізді мәдениеті, білім деңгейі едәуір алға кеткен халықтар деңгейіне жеткізіп және сонымен бірге өз халқының тілдік және мәдени мұраларын, рухани мұраларын қорғайтын, қолдайтын, алдағы уақытта оны үздіксіз өркендететін, мәдениетті, рухани тұлғалы қазақ интеллигентін қалыптастыруды көздеген болатын. Ыбырайдың

осындай өркениеттік көзқарастары империяның ағартушы-ғалымдарына ой салды. Тіпті Ильминскийдің өзі Ыбырайға жоғары баға берді [8].

Ы.Алтынсарин өзінің дидактикалық көзқарасы жағынан — ұлы ағартушылардың озық идеяларына сүйенген, адамгершілік педагогикасын жаңа жағдайда іске асырған ізгі ниетті адам. Ян Амос Коменскийдің озық идеялары, ағартушылық, педагогтік оқулары Ыбырай жүрегінен нық орын тепті. Ушинский, Толстой, Бунаков, Паульсон сияқты даңқты педагогтерді ұстаз тұтты. Ыбырай осындай ұлы адамдардан тәлім алып өсті. Өзінің педагогтік қызметтерінде солардың қағидаларына сүйенді. Оны қазақ жағдайына, жаңа ортаға қолдану жолын қарастырды [9].

Ыбырай Алтынсарыұлы өзі құрастырған «Қырғыз хрестоматиясын», сондай-ақ Я.А.Коменскийдің материалдарын мұғалімдер үшін өте құнды деп түсінді.

Ян Амос Коменский (1592–1670) — XVI ғасыр мен XVII ғасырлардың аралығындағы жаңа педагогиканың негізін қалаушы чехтың ұлы педагогі, гуманист, қоғам қайраткері. Өзінің есімін дүние жүзіне танытқан «Ұлы дидактика» (1657) атты еңбегін және тарихта бірінші рет жанұя тәрбиесі жөнінде «Ана мектебі» (1632) жетекші құралын жазған.

Коменский педагогикасының негізі гуманизм мен демократизм болды. Ол мектеп балаға сүйіспеншілік, адамгершілік қасиеттерін тәрбиелейтін «адамгершілік шеберханасы» болуға тиіс деген көзқарасты насихаттады. Ұлы педагог тәрбиені адамның табиғатына сәйкес жүргізу керек деп есептеді. Осы талапты ол тәрбие мен оқытудың жалпы принципі деп санады. Я.А.Коменский адамның өсіп-жетілуіндегі жас ерекшеліктерін негізге ала отырып, бір-бірімен байланысты құрылған бірыңғай мектеп жүйесін ұсынды: ана мектебі (6 жасқа дейін), ана тілі мектебі (6–12 жас), латын мектебі немесе гимназия (12–18 жас), академия (18–24 жас). Ол алғашқы рет оқу тоқсандарына жіктелген оқу жылы жөніндегі ұғымды анықтады. Педагогика тарихында тұңғыш рет оқу жұмысын ұйымдастырудың негізгі түрі — класс-сабақ жүйесін ұсынды [10].

Я.А.Коменский дүние жүзі педагогикасының дамуына зор ықпал жасады. Сондықтан да қазақтың тұңғыш педагогы Ы.Алтынсарин және басқа халықтардың прогресшіл педагогтары да өз еңбектерінде Коменскийдің идеяларына сүйенді.

Ы.Алтынсаринге атақты орыс педагог-демократы К.Д.Ушинскийдің алдыңғы қатарлы, озық ойлы ұстаздық қағидалары қатты ұнаған.

К.Д.Ушинский — Ресейде ғылыми педагогиканың негізін қалаушы. 1844 жылы Мәскеу университетінің заң факультетін бітірген. 1862–1867 жылдары шетелдерде болып, мектеп ісін зерттеген. Ушинскийдің педагогика жүйесінің негізгі өзегі білім беру мен оқыту жүйесін демократияландыру болды. Ол педагогика мен философия арасындағы байланыстылықты түсінді. Білім алу құқығын мойындау идеясы Ушинскийдің педагогика жүйесінің негізіне айналды. Осы тұрғыдан ол ер және қыз балалардың жаппай ана тілінде міндетті оқуын талап етті. Тәрбиені қоғамдық құбылыс деп қарады. Балаларды жан-жақты зерттеуді талап етті. Педагогиканың басқа ғылымдармен байланысы орыс ғалымының «Адам тәрбиесі. Педагогикалық антропология» деген еңбегінде айқын бейнеленді. Бұл дүние жүзі әдебиетіндегі бірінші проблемалық зерттеу болды [11].

К.Д.Ушинский славян халықтары прогресшіл педагогикасының дамуына зор ықпал етті. Қазақ жерінде Ы.Алтынсарин өзінің ағартушылық ісінде Ресей ғалымының шығармашылық қызметінен көп үлгі алды.

Сонымен, Я.А.Коменский, К.Д.Ушинский, Б.Ф.Бунаков сынды атақты әдіскер-педагогтардың оқыту әдістерін батыл да шебер қолдану нәтижесінде Ыбырай Алтынсариннің тәжірибесі артты. Педагог-ғалымның дидактикалық көзқарасы қалыптасты. Ол баланың мектептен алатын білімін өмір талабына қолдануды тамаша ұштастырды.

«Қазақ хрестоматиясы» — ұлттық мәдениетіміз тарихындағы тұңғыш оқулық

Ы.Алтынсарин оқу-ағарту жұмыстарына өз заманының ең озық әдістемелерін қолдана отырып, білімнің балаларға ана тілінде берілуіне айрықша мән берген. Сондықтан да «Қазақ хрестоматиясы» атты оқулық және «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» атты дидактикалық оқу құралын жазған.

1879 жылы жарық көрген «Қазақ хрестоматиясы»: бірінші — балалар өмірі туралы орыс тіліндегі әр түрлі хрестоматиядан, көбіне Паульсонның хрестоматиясынан алынған әңгімелер; екінші әр түрлі жастағы адамдардың өмірін суреттейтін әңгімелер; үшінші — қазақ жыршыларының өлең жырларынан үзінді; төртінші — қазақтың мақал-мәтелдері тәрізді төрт бөлімнен құралған.

Зерттеушілер кітапқа енген әңгімелердің көпшілігі И.И.Паульсонның «Оқуға және орыс тілінде практикалық жаттығулар жасауға арналған кітап» хрестоматиясынан алынғанын, сондай-ақ кейбіреулері К.Д.Ушинскийдің «Балалар дүниесі», «Ана тілі», Л.Н.Толстойдың «Әліппе және оқу кітабы», Б.Ф.Бунаковтың «Әліппе мен құрал» сияқты кітаптарынан алынғандығын анықтап отыр. Олардың көпшілігі дәл аудармалар да, бірқатары — ерікті аудармалар [5; 11].

Ағартушы хрестоматиясына енгізген шығармаларымен еңбекті сүйеге, өнерге ұмтылуға, Отанын, елін-жерін сүйеге, талаптылық, жігерлілік, ізденімпаздық, адамгершілік, қайырымдылық, жинақылық сияқты басқа да жақсы мінез-құлыққа тәрбиелеуді көздеген. Жалқаулық пен надандық сынды жаман қасиеттерді сынай отырып, балалардың осылардан аулақ болуына жол көрсеткен. Оқулыққа енген өлең-жырлар, мақал-мәтелдер күні-бүгін де өз маңызын жойған жоқ:

*Істің болар қайыры
Бастасаңыз алдалап,
Оқымаған жүреді
Қараңғыны қармалап.*
(«Сөз басы» [12; 5])

*Мал дәулеттің байлығы
Бір жұтасаң жоқ болар,
Оқымыстың байлығы
Күннен күнге көп болар,
Еш жұтамақ жоқ болар.*
(«Сөз басы» [12; 5])

*Надандықтың белгісі –
Еш ақылға жарымас.
Жайылып жүрген айуандай
Ақ, қараны танымас.*
(«Сөз басы» [12; 6])

*Айналасына ас қойып,
Изені көлдей шалқытқан.
Қолын қатты тигізбей,
Кірлі көйлек кигізбей,
Исін жұпар аңқытқан.*
(«Бұл кім?» [12; 9])

*Бәріміз бір адамның баласымыз,
Жігіттер, бір-біріңе қарасыңыз!
Өмір деген бес күндік кетер өтіп,
Атаң барған орынға барасыңыз!*
(«Өсиет өлеңдер» [12; 9])

*Ағайын жат болады алыс болса,
Болады жат та жақын таныс болса.
Достарың, дұшпан түгіл табалайды —
Аяғың бір нәрседен шалыс болса!*
(«Арық мал жан жолатпас бір жалданса» [12; 12])

*Береке кеткен елдерде
Күн қысқарса керек-ті.
Алатаудай атаға
Ұл қышқырса керек-ті.*
(«Азған елдің адамына» [12; 14])

*Әй, жігіттер, үлгі алмаңыз,
Азған елдің ішінен.
Алыс-алыс қашыңыздар,
Зияндасты кісіден.
Жақсыны көзден салмаңыздар,
Жақсыдан қапыл қалмаңыздар.
Өзі болған ерлердің,
Аяғынан алмаңыздар
(«Әй, жігіттер!» [12; 15])*

*Жоғары қарап оқ атпа,
Өзіңнің түсер қасыңа!
Ақылсыз жанды досым деп,
Басыңды қосып сыр айтпа.
Күндердің күні болғанда,
Ол жаман айғақ болар басыңа!
(«Әй, достарым!» [12; 15])*

Ыбырай Алтынсарин көзі тірісінде «Қырғыз хрестоматиясы» кітабының екінші бөлімін жазған. Өкінішке қарай, бұл шығарма әр түрлі себептерге байланысты баспадан уақытында жарық көрмеді. Ұлы педагог қайтыс болғаннан кейін қолжазба із-түссіз жоғалып кеткен. Қазір Ресей, ТМД елдері мұрағаттары мен кітапханаларына хабарласу, құнды қолжазбаны іздестіру, ғылыми-зерттеу жұмыстары жүруде [13].

«Қырғыз хрестоматиясының» жастарға дұрыс тәрбие беру және олардың дүниетанымдық көзқарасын кеңейту үшін қазірдің өзінде де мәні зор. Сондықтан да бұл оқулық ұзақ жылдар бойы талай рет басылып, мектеп оқушыларына ұсынылып келеді.

*Ағартушының «Шариат-ул-Ислам»
(«Мұсылманшылық тұтқасы») атты оқу құралы*

Аталған еңбек 1884 жылы Қазан қаласында араб қарпімен басылып шыққан. Кітап «Құран негіздерін» ұғындыру мақсатында мектептерде оқытылатын дін сабағының қазақтарға анағұрлым ұғынықты оқу құралы есебінде жазылған.

Ыбырай Алтынсарыұлы бұл оқу құралын жазудағы мақсаты туралы былай деп тарқата айтқан: «...Қазіргі кезде қазақ арасында Мұхамбеттің діни оқуы жайылып, етек алып барады... мүмкін болғанша, біріншіден, қазақ жастарының дін жөніндегі түсініктері теріс бағытқа түсіп кетпеуі үшін, ал екіншіден, қазақтың жазба тілінде татар тілі орынсыз етек алуына жол бермеу үшін (бұл — қазақтарды татарландырудың ең сенімді тәсілдерінің бірі ғой) мен соңғы кезде Мұхамбет шарифатын үйрене бастап... Осы оқу құралын құрастыруға кірістім» [14].

«Мұсылманшылық тұтқасы» кітабы төрт баптан тұрады. Бірінші бапта — иман туралы сөз болады. Екінші бапта руза турасында, зекет жайлы, қажыға бару, харам, макруб мәнін әңгімелейді. Үшінші бапта ыхлақ, яғни адамдардың мінездері, турасында; төртінші бапта намаз ішінде оқылатын дұғалардың қазақша мағынасы берілген [15].

Кенестік жүйе тұсында Ы.Алтынсариннің әлеуметтік-экономикалық көзқарастарын талдауда оны атеист етіп көрсетуге тырысушылық байқалды. Шын мәнінде, Ы.Алтынсариннің өз халқы ұстанған дінді қадірлегені, мұсылман дінінің жақсы жақтарын бағалағаны және оның рухани құндылықтарын қазақ халқының өркендеуіне және алға басуына пайдалануға шақырғандығы кеңінен белгілі.

Еліміз тәуелсіздігін алып, оң мен солын таныған кезеңінде ұлы ағартушыдан мұра болып қалған дінтану сабағынан оқулық — өшпес қазынамыз. Дінге деген көзқарас бүгінгідей жақсарған сәтте Ыбырай Алтынсариннің тағылымды дүниесі — дін оқулығы тәрбие құралына сұранып-ақ тұрған шығарма. Мұсылманшылықты уағыздауда таптырмайтын құрал.

Алтынсариннің публицистикалық мақалалары

Ыбырай Алтынсарыұлының әдеби жетістіктері тек қана ақындықпен, жазушылықпен, аудармашылықпен шектеліп қоймаған. Оның публицистикалық мақалаларының да маңызы орасан зор.

Зерттеушілер бұларды үш топқа бөледі [9; 307]: а) хаттары; ә) экономикалық, саяси-әлеуметтік тақырыптарға жазып, «Оренбургский листок» газетіне бастырған мақалалары; б) этнографиялық тақырыпқа жазған очерктері.

Ы.Алтынсарин өз хаттары арқылы айналасында орын алып жатқан жайттар мен қоршаған ортаға деген көзқарасын, сондай-ақ туған халқының келешегі туралы ой-арманын білдіріп отырды. Ағартушының мазмұны аса терең қай хаты да оңай оқылады. Әрбір хат ойыңа ой қосып, сол кездегі қоғам өмірінен сыр тартады.

Ыбырайдың хаттарында мектеп ашу, оқыту әдістері, оқытушыларға қамқорлық жасау сияқты мәселелер үнемі кең көлемде сөз болады. Ұстазы болған Н.И.Ильминскийге жазған хаттарында оған деген өзінің шексіз құрметі мен ілтипат сезімін білдірсе, өзіне шәкірт есебінде болған А.А.Мазохинге жазған хаттарын ұдайы «Сүйікті досым!» деп бастайды. Сонымен қатар олар да өз кезегінде Алтынсаринді құрмет тұтқан. Мысалы, Н.И.Ильминский «Алтынсарин туралы естеліктер» деп аталатын кітабының алғы сөзінде: «Мен Ыбырай Алтынсаринмен отыз жылға жуық, яғни 1859 жылдың қараша айының басынан таныс едім. Мен оған шын ықыласыммен берілдім, әсіресе оның орыс біліміне ерекше құмарлықпен ұмтылып, ол білімнің қазақтар үшін де керек екенін ешқашан есінен шығармайтындығын айрықша бағалайтын едім» [16; 13], — деп жазғаны белгілі.

Ыбырай мұраларының ішінде кейінгі кезге дейін ескерусіз қалып, зерттелмей келе жатқан еңбегі 1880–1882 жылдары «Оренбургский листок» газетінің бетінде жарық көрген бір топ мақалалары. Ағартушының сөз болып отырған мақалалары қазақ халқының сол кездегі ауыр халін кең қозғайды. Қазақ шаруаларының жер қысымын көріп, құнарлы жерден айырылып жатқанын айтады. Бұны ол халықтың болашағына әсер ететін үлкен бақытсыздық деп бағалайды. Отырықшылыққа айнала бастаған елге ең алдымен құнарлы жер, қуатты мекен керек екенін ескертеді. Торғай өлкесіндегі халық тұрмысының ауырлай түсуіне енді бір себеп табиғат қысымы болғанын да атап өтеді. Жазы қуаң, қысы қатты жылдары мал баққан панасыз елдің жұтқа оңай ұшырап, қайыршылық өмірді бастарынан жиі кешіп жатқанын үлкен жанашырлықпен жазады. Үкімет орындарының мұндай апатқа ұшырап, ашаршылық көріп жатқан елге тез көмек көрсетуге тиісті екенін ескертіп, халық атынан талаптар қояды [9; 864, 865].

Ыбырайдың сөз болып отырған мақалалары өзінің әлеуметтік мәні жағынан ғана жоғары бағаланып қоймайды. Соған қоса, жазушының публицистік қабілетін таныта түсерлік көркемдік дәрежесімен де бағаланады.

Қазақтың салт-дәстүрінің ескі-жаңасын елеп-екшеп беруде Ыбырай Алтынсаринді этнограф-ғалым деп айтуға болады. Оған негіз болатын этнографиялық очерктері. Өз жерін, халқын ерекше сүйген қайраткер халықтық салт-дәстүрлерге үлкен зейін қойып, оларды жүйелеп, өңдеп отырған. Осындай көп жылғы зерттеушілік ізденістің нәтижесінде аталған мәселені жан-жақты тұжырымдайтын «Орынбор ведомствосы қазақтарының өлген адамды жерлеу және оған ас беру дәстүрінің очеркін» [12; 136–140] және «Орынбор ведомствосы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрлерінің очеркін» [12; 140–153] жариялаған. Бұл еңбектер кезінде Ресейдің ағартушы-оқымыстылары тарапынан жоғары бағаға ие болған. Мысалы, 1868 жылы педагог-ғалымның шығармалары баспасөз бетінде жарияланған соң, оған сын-пікір жазған В.Плотников: «Қазақ халқының тарихы мен этнографиясының бай материалдарын қамтыған, осы халықтың өмірінің тұрмыс ерекшеліктерін жан-жақты кең сипаттайтын бұл мақала үлкен қызығушылық туғызып, адамды баурап алады», — деп жазған [16; 42].

Ы.Алтынсариннің аталған «Очерктері» бүгінгі таңда да құқықтық көзқарас тұрғысынан маңызын жойған жоқ. Өйткені тәуелсіз Қазақстан мемлекеті мен қоғамы жағдайында халқымыздың ұмытылуға жақын салт-дәстүрлері мен рухани тұрмысын қайта жаңғыртуға мүмкіндік алдык. Ағартушының көрсетілген туындылары этнографиялық тұрғыдан ғана маңызды болып қойған жоқ. Сонымен қатар олар әдет-ғұрыптық құқық саласына қосылған қомақты үлес болды.

Түйін

Тұңғыш қазақ педагогы — Ыбырай Алтынсарин екі түрлі ірі мәселені алдына басты мақсат етіп қойды: біріншісі — мектеп ашу, бала оқыту, жалпы халықты ағарту жұмысы; екіншісі — халықтың ой-санасын жаңалыққа қарай бейімдеу жолындағы тәрбиелік істері.

Осы екі мақсатты орындау жолында Ыбекең мейлінше қиын жағдайда жұмыс істеді. Талай бөгеттерге кездесті. Өтірік арыз, «Жаптым жала, жақтым күйенің» неше түріне жолықты. Бірақ ол күрестен қажыған жоқ. Әсіресе оның келешекке сенімі зор болды. Аңсаған армандарын өзі орындай алмаса да, болашақта жастар орындайды деп білді.

Ыбырай Алтынсарыұлы қазақ жастарын оқуға үндеумен қатар, адамгершілікке, достыққа, еңбекке, жігерлілікке, халқын сүйуге, қысқасын айтқанда, «адам» деген ардақты есімді ақтай алатын кісі болып шығуға үндеді. Ол жастарға бала кезінен бастап дұрыс тәрбие бергенде ғана бұл міндеттерді іске асыруға болатындығын жақсы ұғынды. Сондықтан Ыбырай өзінің оқытушылық, ақындық, жазушылық, аудармашылық жұмыстарын осы мақсатқа бағындырды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Іргебаева Н.* Ыбырайдың ұрпақтары байдың тұқымы ретінде қуғындалған // Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы. — 2013. — № 17 (77). — 7–9 б.
- 2 Қазақстан ғылымы: Энциклопедия. I-т. / Бас ред. Б.Ө.Жақып. — Алматы: Қазақ энцикл., 2009. — 103-б.
- 3 *Жәрімбетова Н.* Тағдыры кермек тұлға // Егемен Қазақстан. — 2009. — 29 шілде. — 10-б.
- 4 Қазақ тілі: Оқу құралы. — Алматы: Білім, 1994. — 104, 105-б.
- 5 *Тұрғынбаева Б.* Ыбырай қазақ балаларына арнап қазақ тіліндегі тұңғыш оқу құралы — Қазақ хрестоматиясын жазды // Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы. — 2013. — № 17 (77). — 10–12-б.
- 6 Қазақ Совет энциклопедиясы. — 3-т. / Бас ред. М.Қ.Қаратаев. — Алматы: Қазақ Совет энцикл. Бас ред., 1973. — 399-б.
- 7 Қазақ Совет энциклопедиясы. — 4-т. / Бас ред. М.Қ.Қаратаев. — Алматы: Қазақ Совет энцикл. Бас ред., 1974. — 660-б.
- 8 *Азмұханова А.* Ұлт ағартушылары және ұлттық мүдде // Қазақ тарихы. — 2011. — № 4 (109). — 11–13-б.
- 9 *Сүйіншіәлиев Х.* Қазақ әдебиетінің тарихы: Оқулық. — Алматы: Санат, 1997. — 847-б.
- 10 Қазақ Совет энциклопедиясы. — 5-т. / Бас ред. М.Қ.Қаратаев. — Алматы: Қазақ Совет энцикл. Бас ред., 1977. — 519-б.
- 11 Қазақ Совет энциклопедиясы. — 11-т. / Бас ред. М.Қ.Қаратаев. — Алматы: Қазақ Совет энцикл. Бас ред., 1977. — 334, 335-б.
- 12 *Алтынсарин Ы.* Кел, балалар, оқылық: Өлең, әңгімелер мен мақал, жұмбақтар. — Алматы: Атамұра, 2006. — 168 б.
- 13 *Мұқатов Н.* Көзі тірісінде «Қырғыз хрестоматиясы» кітабының екінші бөлімін жазған // Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы. — 2013. — № 17 (77). — 48–50-б.
- 14 *Мәдібай Қ.* Үміт еткен көзімнің нұры балам... // Қазақ әдебиеті. — 2009. — № 33 (3144). — 31 шілде. — 6-б.
- 15 *Абдуллина А.* Ыбырай Алтынсариннің «Шариат-ул-Ислам» еңбегінің тәрбиелік мәні // Қазақ. — 2011. — № 18,19 (532–533). — 6–13 мамыр. — 8-б.
- 16 *Әлдибеков Ж.* Қазақ даласындағы әділетсіздікті, заңсыздықты көріп жаны күйді // Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы. — 2013. — № 17 (77). — 40–42-б.

Р.С.Каренов

Ибрай Алтынсарин — один из великих просветителей казахского народа**К 175-летию со дня рождения**

В статье описываются жизнь и деятельность выдающегося ученого XIX в. Ибрая Алтынсарина. Дается характеристика его творчеству. Он показан как великий педагог, фольклорист, этнограф, литературовед, просветитель. Подчеркивается историческая роль Алтынсарина в создании, впервые в Казахской степи, начальной школы для детей коренного населения. Автором представлена неутомимая деятельность просветителя по открытию русско-казахских школ в Илецком, Николаевском, Тургайском, Иргизском уездах; школы учителей в Орске; промышленного училища в Тургае; школы с интернатом для казахских девушек в Иргизе. Как подчеркивает автор, демократическими и гуманистическими принципами проникнуты первые учебники И.Алтынсарина «Киргизская хрестоматия» и «Начальное руководство к обучению киргизов русскому языку».

R.S.Karenov

Ibray Altynsarin — one of great educators the Kazakh people**To 175-to the anniversary since birth**

Life and activity of outstanding scientific H_H of an eyelid of Ibraya Altynsarin are described. The characteristic is given to his creativity as large teacher, specialist in folklore, ethnographer, literary critic, educator. The historical role of Altynsarin in creation for the first time in the Kazakh steppe of elementary school for children of indigenous people is emphasized. It is noted that in 1860–1879 along with pedagogical activity it conducted many-sided work: I was the clerk of Turgaysky district management, the turgaysky district judge, the senior assistant to the chief of the Turgaysky district, the inspector of national schools of Turgaysky area. Tireless activities of the educator for opening of the Russian-Kazakh schools in Iletsky, by Nikolaevsk, Turgaysky, Irgizsky districts are stated; schools of teachers in Orsk; trade school in Turgaye; schools with a boarding school for the Kazakh girls in Irgiz. The conclusion is drawn that the democratic and humanistic principles got its first textbooks «Kyrgyz Anthology» and «Initial Management to Training of Kyrgyz in Russian».

References

- 1 Irgebaeva N. *Legendary figure: Star family*, 2013, 17 (77), p. 7–9.
- 2 *Science of Kazakhstan: Encyclopedia* / Edit. Chief B.O.Zhakup, Almaty: Kazakh encyclopedia, 2009, 544 p.
- 3 Zharimbetova N. *Egemen Kazakhstan*, 2009, July, 29, p. 10.
- 4 *Kazakh tyly: Textbook*, Almaty: Bilim, 1994, p. 104, 105.
- 5 Turgynbaeva B. *Ibrahim wrote, Legendary figure: Star family*, 2013, 17 (77), p. 10–12.
- 6 *Kazakh Soviet Encyclopaedia. 3 is* / Edit. M.K.Karataev, Almaty: Home Edition Kazakh Soviet Encyclopedia, 1973, 399 p.
- 7 *Kazakh Soviet Encyclopaedia. 4 is* / Edit. M.K.Karataev, Almaty: Home Edition Kazakh Soviet Encyclopedia, 1974, 660 p.
- 8 Azmukhanova A. *History of the Kazakhs*, 2011, 4 (109), p. 11–13.
- 9 Syuinshaliev Kh. *The history of Kazakh literature: Textbook*, Almaty: Sanat, 1997, 847 p.
- 10 *The Kazakh Soviet Encyclopaedia. 5 is* / Edit. M.K.Karataev, Almaty: Home Edition Kazakh Soviet Encyclopedia, 1973, 519 p.
- 11 *The Kazakh Soviet Encyclopaedia, 11* / Edit. M.K.Karataev, Almaty: Home Edition Kazakh Soviet Encyclopedia, 1977, p. 334, 335.
- 12 Altynsarin I. *Let the children be educated: poems, stories, proverbs and riddles*, Almaty: Atamura, 2006, 168 p.
- 13 Mukatov N. *When life 13. Legendary figure: Stellar life*, 2013, 17 (77), p. 48–50.
- 14 Madibay K. *Kazakh literature*, 33 (3144), 2009, July, 31, p. 6.
- 15 Abdullina A. *Kazakh*, 18–19 (532–533), 2011, May, 6–13, p. 8.
- 16 Aldibekov J. *Legendary figure: Star family*, 2013, 17 (77), p. 40–42.